

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«XXI ҒАСЫРДАҒЫ ШЫҒЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ»**  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
**ЖИНАҒЫ**

1 қараша 2013 жыл

**СБОРНИК**  
международной научно-практической конференции  
**«ВОСТОКОВЕДЧЕСКАЯ НАУКА В XXI ВЕКЕ:  
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

1 ноября 2013 года

**COLLECTION**  
of international scientific-practice conference  
**«THE SCIENCE OF ORIENTAL STUDIES IN XXI CENTURY:  
ISSUES AND THE DEVELOPMENT OF THE PROSPECTS»**

November 1, 2013



АСТАНА

**Редакция алқасы:**

Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Б.Ж. Сомжүрек, С.А. Болатова,  
З. Қайыркен, Б.Ж. Абжаппарова, А.М. Азмұханова

**XXI ғасырдағы шығыстану ғылымы: мәселелері мен даму болашағы»**  
халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының мақалалар жинағы.

Collection of articles of the International scientific and practical conference on the theme  
"Oriental Studies in XXI century: problems and prospects"  
Сборник статей международной научно-практической конференции  
"Ориентоведческая наука в XXI веке: проблемы и перспективы развития». -Астана:  
Издательство ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2013. – 576 б.  
Учредитель редактор: А. Азмұханова

ISBN: 978-601-301-024-3

Жинаққа Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 2013 жылы  
өткен «XXI ғасырдағы шығыстану ғылымы: мәселелері мен даму  
болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына жіберілген  
мақалалар топтастырылған.

Қазіргі таңдағы шығыс елдерінің өзекті мәселелері, даму болашағы; шығыс  
елдерінің лингвомәдениеттануы, лингвоелтануы және шығыс тілдерін оқыту  
методтері мен мәселелері; шығыс мәдениеті, өнері және дінтану мәселелері; шығыс  
елдерінің тарихы мен этнологиясы, деректануы мен тарихнамасы мәселелерін  
қамтыған кең ауқымдағы материалдар орын алды.

Жинақ шығыстанушы, тарихшы, филолог, мәдениеттанушы, дінтанушы,  
лингвистикалық ғылымдар мен шығыстанудың мәселелеріне қызығатын барлық оқырман  
ауқымына арналған.

Материалдар авторлардың редакциясымен жарияланған.

In this conference proceedings issue comprises the materials of the International  
conference devoted to "Oriental studies in XXI century: problems and development" hold  
in November 2013 at L.N. Gumilyov Eurasian National University.

The issue includes the extensive materials covering the main problems and  
development of the East countries, the linguistic culture of eastern languages, teaching  
methods of linguistic and area studies and eastern languages, the oriental culture, problems  
of history and ethnology of East countries, source study and  
geography problems nowadays.

The collection is intended for all teachers and scholars of oriental studies,  
linguists, culturologists, religious scholars, ethnographers and other readers who are  
interested in orientalism.

The materials are published in author's editions.

ISBN: 978-601-301-024-3

УДК 001  
ББК 72.4

© Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013

Құрме  
Ханым

Бүгін біз  
бір келелі  
Мен университет  
жүректен  
ғасырдағы  
аталатын  
тұрғандай,  
Өздерің  
өркендеген  
Ол кезде де  
оларды біз  
мақсатта  
аймақтарға  
тарихын,  
мәдениетін,  
ғылымы б.  
бірге дамы  
байлықтары  
казына жат  
1771  
көне парсы  
көне санскрит  
Франсуа П.  
Ғалымдар ке  
бетіндегі м.  
Ғалымы Н.Я.  
Бүгінгі т.  
әрі пән ретін  
шығысты зе  
олардың шы  
өзгерген деу  
Мысалы, ка  
экономикасы  
Еуро-Одаққа  
айналуға  
қауымдастығ  
әлемінің бір  
мен көктей ағ

## ЖАҒАНДЫҚ КӨШБАСШЫЛЫҚТАҒЫ ҚЫТАЙ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ

Әлемдік саяси ой елегіндегі халықаралық көшбасшылық сипаттамасы мен онымен байланысты ұстанымдар төңірегінде пікірталас толастамауда. Осы төңіректе «қытай факторы» мен ғаламдық жүйе қатынасындағы жаһандық ауқымды ойыншы ретінде ҚХР «әлемдік өсімталдығы» мәселелерін талқылау – көшбасшылық жөніндегі қазіргі пікірталастың маңызды бөлігі болып отыр. Пікірталастардың өте кең теориялық ауқымдылығы, Қытай көшбасшылығы мәселесінің дұрыс құрылымдануына қажетті көзқарастардың аналитикалық контекстін пайымдайды. Үш онжылдық ауқымында жүргізіліп келе жатқан жоспарлы, мақсатты реформа жағдайындағы феноменальды экономикалық өсім және «ерекше» сыртқы саяси ұстаным ол туралы назарға алынған пікірталасты тәжірибелі сыртқы саяси болжаулар қарқынына бағыттайды. Келес онжылдықтарда әлемдік экономикалық өсімнің 50% АТА елдерінің үлесіне түсетіні болжануда. ҚХР экономикалық супердержавалар қатарынан көріне бастауы, қазіргі өмір сүріп отырған әлемдік экономикалық тәртіптің ары қарай өмір сүруі туралы мәселені күрделендіруі де мүмкін.

Қытай өзінің дамуында қашанда Батыстың құрылымды-экономикалық көшбасшылығынан зардап шегіп келе жатқан ел. Қытай наразылығына сай батыс сараптамалық қауымдастығы 1990-ж. бастап, әлемдік қатынас жүйесіне Қытайдың «бейбіт ену» мәселесін үздіксіз талқылауда. Сондай-ақ қытай сарапшыларын да толғандыратын мәселелерде бар: оларды толғандыратын сұрақтар: «даго» (ұлы держава) статусын ие болған Қытай өзін қалай ұстауы керек? «фуцзэго» (жауапты мемлекет) болу қажетпе, болған жағдайда бұл Қытай үшін қандай маңызды? Осы контексттегі жауапкершіліктің батыстық және қытайлық түсінігін қалай үндестіруге болады? [1].

Қытай жеткілікті ықшам, кенестікке балама, социалистік идея вариантын қалыптастырды. Содан кейін оны конфуцийлік этика жүйесімен интергациялай табысты жандандырып, «капиталистік» механизмдермен шақпақтайды. Осы тұста шын мәніндегі Қытайдың экономикалық жүйесінің маңыздылығы аса шамалы. Маңыздылық оның қытай басшылығының еркіне көнуі мен Қытай және әлемде балама ретінде қабылдауында. Бұл, Қытай (әсіресе, жер шарының әртүрлі мемлекеттеріндегі барлық қытайлық диаспораның қолдауындағы «Үлкен Қытай», немесе ҚХР, Тайвань және Оңтүстік Шығыс Азиядағы қытай диаспорасы) Батыс және АҚШ-қа экономикалық үн қату ғана емес, құндылықтардың батыстық жүйесіне

жылжудың «рухани баламасы да» болуымен негізделеді. «Қытайлық үн кату» «кеңестік үн катуларға» сипаты жағынан мүлде ұқсамайтын ерекше табиғатқа ие екендігі түсінікті. Сондықтан да батыс үшін оған жауап болатын ойды құрастыру қиын болып отыр [2].

Егер, әлемдік (капиталистік) нарық капиталдық үздік иеленуі мен бәсекестенуге негізделсе, қытай экономикасының ерекшелігі – қорлану жағдайын жұмыс күшінің өндіріс қабілетіне, ұлттық нарыққа, табыстың, шикізаттың орталықтануына технологиялық ұлттық дәрежеде иелік етуге автоцентристік қорлануымен жағдай жасаған болса, немесе қорлану жұмыс күші өндірісіне, ұлттық нарыққа, шикізаттың, табыстың орталықтануына, технологиялардың ұлттық дәрежелінуіне бақылау орнату арқылы қорлануға жұмысалса, онда автоорталықтық қорлану үшін жағдайдың жасалғанын білуге болады.

Трансформация ауқымындағы аймақтық жүйе жағдайындағы Қытай келесідей стратегиялық мақсаттарға қол жеткізбек:

– Тайваньдағы, Тибеттегі, Синьцзяндағы оның құқықтарының толық орнығуы арқылы, Қытай территориясы тұтастығының әлемдік қоғамдастықта мойындалуына;

– Оңтүстік-Қытай теңізі акваториясындағы ҚХР «ерекше» құқықтарының халықаралық мойындалуына;

– Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы ықпалдығының қанат жаюына қол жеткізуге;

– Көрші мемлекеттермен территориялық дау-дамайларды Қытайға тиімді бағытта реттеуге;

– АҚШ және өзге Батыс елдерімен пікір қайшылығындағы Қытай ұстанымдарына деген қолдауды көрші елдер тарапынан қамтамасыз етуге;

– ҚХР мен Монғолия арасындағы «ерекше қатынастың» шынайы бекуін қамтамасыз етуге;

– Орталық Азиямен «ерекше қатынастың» де-фактолығын иеленуге;

– Қытаймен әскери қақтығысқа итермелеудегі және Қытайға қарсы коалицияға бірігудегі өзге елдердің амалдарына жол бермеуге;

– Өзге елдерге Қытайға тиімді жағдайдағы сауда-инвестициялық саясатты жүктеуге;

– ҚХР аймақтағы жетекші рөлінің аймақ елдері тарапынан сыртқы саясаттағы маңызды шешім қабылдауда Пекинмен міндетті кеңесуден кейін бейресми жағдайда мойындалуына ;

– қытай иммигранттарын өзге елдердің қабылдауына келісімге келуді қамтамасыз етуге;

– Шетелдердегі қытай азшылығының «ерекше құқықтарының» бекуі мен оларды қорғаудың Пекиндік құқығының мойындалуына;

– Қытай тілінің Азиядағы қарышты дамуы, шетелдердегі этникалық қытайлар тығыз орналасқан аудандарда екі тілділікті қамтамасыз етуге [3].

Жалпы, ҚХР аймақтық рөлінің нығаюына қатысты, оған ықпал етуші бір факторларды қайтадан тарих таразынан өткізе кету заңдылық. Соның ішінде, аса назарда Оңтүстік Шығыс Азия аймағындағы қақтығыстық потенциалға себеп болуы мүмкін делінетін мәселелердегі ҚХР тікелей қатысының болуы да, оны шешудің ілгерлі амалдары да аталмыш мемлекеттің сыртқы саяси ұстанымдарына аса зер салуды қажет ететіндей.

Ең бастысы - Тайвань мәселесі. Екі қытайлық бөліктің, яғни Қытай Халық Республикасы мен Тайваньдағы Қытай Республикасының бірігу мәселесі – аймақтағы ең күрделі, өткір мәселелердің бірі саналады. Қытай Республикасы құрлықтық Қытайда 1911 жылы Синьхай революциясының барысында пайда болғаны белгілі. 1949 жылы құрлықтық Қытайдағы ұзақ жылғы азамат соғысының нәтижесінде және КСРО қолдауымен Гоминьдан (Ұлттық партия) билік етуші партия әскерін күйретіп ҚХР құрылғанын жариялайды, ал Қытай Республикасының Гоминьдан орталық үкіметі жетекшілері Чан Кайшимен бірге, Мао Цзэдуннің коммунистерінің әскерінің күштеуімен Тайвань аралына шегінеді. Де-юре және де-фактоға да сай, гоминьдандық орталық үкімет Тайвань аралындағы қытай бөлігінде 1911 жылғы саяси билігін бейресми түрде жоғалтпай, 1949 жылғы оқиғаларды халықтық революция емес қарулы бүлік ретінде негізге алмайды да, өзінің заңдық міндеттерін жүзеге асыра береді. Осылайша Тайвань бұғазы сулары бөлік жатқан екі үкіметтің теке-тірестік дәуірі басталады. Олардың әрқайсысы өзін дара заңда жалпықытайлық орган ретінде санап отырып, бүкілқытайлық легитимдікті сипаттады. Осы төңіректегі жағдай КСРО-ның ҚХР үкіметін бірден мойындауымен, ал АҚШ болса оның қабылдауымен байланысты шиеленіскені тарихтан белгілі. 1972 жылға дейін БҰҰ бүтін 1949 жылдан кейін Тайвань аралында тұрақтаған және өзінің құқықтық де-фактосын сол аймақта ғана жүзеге асыра алатын Қытай Республикасын үкімет ретінде қабылдайды. 1972 жылы БҰҰ Қытайдың өкілеттілігі ҚХР өтті. Тайваньдағы елді демократияландыру бағыты жағдайды шиеленістіре түседі. В 1999 жылы сол кездегі Тайвань президенті Ли Дэнхуэй ресми Пекиннің «жалғыз Қытай» ұстанымынан бас тартуын, ҚХР мен арал арасындағы қарым-қатынас «екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас» ретінде қаралу керек екендігін көтереді. 2000 жылы Тайваньдағы жаңа президенттік сайлау нәтижесінде Гоминьданға оппозициядағы прогрессивті партиядан өткен Чэнь Шуйбяньнің президент болып сайлануы, елдегі демократияландыру саясатын аяқтайды. Бұғазының тәуелсіздігінің жақтастары көбейген сайын ҚХР мазасыздық орын алады. 1996-2000 жж. Тайваньдағы президенттік сайлау барысында ҚХР аралда әскери оқу өткізуге кіріседі. Қазір Тайваньдағы ҚР әлемдегі 29 мемлекет дипломатиялық байланыс жасап отыр. 1990-жж. бастап құрлықтық Қытай мен Тайвань арасында сауда-экономикалық байланыс қалыптаса бастады. 1992 жылы 18 қыркүйекте Тайваньда құрлықтық Қытай мен Тайвань арасында сауда тәртібінің «құрлық және Тайвань аумағы халықтарының қатынас құқығы» жарғысына қол қойылады.

Аймақтағы тағы бір қақтығыстық мәселелердің бірі Оңтүстік-Қытай теңізіндегі территориялық тартыс болып отыр. Оңтүстік Азиядан Америка мен Қиыр Шығысқа және Еуропада, Африкадан стратегиялық теңіз жолдарымен жалғастырып, Тынық мұхитын Үнді мұхитымен байланыстыратын батыстағы Малакка бұғазы мен Андаман теңізімен бірге, шығыста Тайвань бұғазы аралығы бұл мәселенің желісі. Бұл халықаралық су жолы желісі – Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің өзара сауда жасау жолы. Оңтүстік-Қытай теңізіндегі үш аудан – халықаралық территориялық даудың себебі, оның екі ауданы теңіздегі аралдар болса, үшіншісі – Тонкин бұғазы – ҚХР мен Вьетнамды су кеңістігімен бөліп тұрған бөлік. Теңіз аралдарының тұрақты тұрғындары ешқашан болмаған. Оңтүстік-Қытай теңізінің аралдарының тиесілігіне қатысты халықаралық даулар 1951 жылғы 17 мамырдағы Филиппин президенті Э.Кириноның Спратли ауданындағы аралдың солтүстік бөліктеріне мүдделілік танытып жасаған мәлімдемесінен басталады. (Парасель, Спратли және Тонкин аудандары). Қазір Оңтүстік-Қытай теңізі төңірегіндегі дау ҚХР бұл мәселеге қатысты ұстанымдарының жұмсақтауымен, мәселені болашаққа ашық қалтыруға Қытай жағынан орын алып отырған талпыныс бұл мәселедегі шиеленісті бәсеңдетіп отыр.

Халықаралық қатынастардың Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы өзекті аймақтық мәселелерінің бірі «екі Корей мемлекеті» және осы мәселенің сыртқы реттеулеріне қатысты бас қосулардағы Қытай ұстанымы да аса маңызды. Қытай факторы Солтүстік Корея дағдарысының пайда болуы мен шиеленісуінде маңызды рөлдердің бірін атқарды. Пхеньян Қытайдың көмегі мен қолдауына жүгінуге мүмкіндігі болмаған жағдайда халықаралық ядролық қаруды таратпау жүйесінен шықпас еді. Қытай, сондай-ақ, КХДР жүйесін қолдау ісін жеңілдету үшін Солтүстік Кореяны сыртқы саясатта сабырлылық және экономиканы қайта құруға шақыруға тырысады. Солтүстік Корея өздерінің жазаланбайтынын біле отырып, қазіргі жағдайын сақтау үшін зымыран қаруын жасай бастады. КСРО ыдырағаннан кейін Қытай КХДР-ның жалғыз одақтасы болды. XX ғасырдың 90-шы жж. басында экономикалық реформалар жолына түскен және сыртқы саяси басымдықтарын өзгерткен Қытай, КХДР мен әріптестігін тек прагматикалық ұстанымын қарастырған. Пекин үшін жағдайдың ең тиімді дамуы, ол түбекте статус-квоның сақталуы болып қала бермек. Пхеньянға ықпалы бар Пекин оның орындалуына бар күшін жұмсады. 1993-1994 жылдардағы дағдарыс барысында Пекин Солтүстік Кореяның ядролық бағдарламасының тоқтатылуы шарттарын қарастыратын АҚШ пен КХДР арасындағы «Шектемелі келісімнің» қабылдануында делдал рөлін атқарды. 2003 жылы екінші ядролық дағдарыстың басталуымен, Қытай қайтадан басталған КХДР ядролық бағдарламасының реттеу мақсатындағы алты жақты келіссөздерге қатыса отырып, қайтадан делдалдардың арасында болды. Қытай келіссөздердің аса маңызды қатысушысы болды, өйткені солтүстік корейлік басшылыққа ықпалы бар еді, сонымен қатар, КХДР-ға АҚШ пен Жапония тарапынан болған қысымды жұмсартты. Пекин БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің

КХДР-ға қарсы санкцияларына бірнеше рет қарсы шықты. 2005 жылы ақпандағы сол кездегі АҚШ Мемлекеттік хатшысы К.Райс пен Оңтүстік Корея СІМ-і Пан Ги Мун кездесуінде Қытайдың бұл мәселені шешуде маңызы зор деп жарияланды. Қазіргі дағдарыс кезінде де Пекин әлденеше рет Корея түбегінің ядролық қарусыз мәртебесін қолдайтынын мәлімдеді. Қытай Корея түбегінің ядролық қарудан азат аймақ сатусына қолдау көрсете отырып, екі мақсатты көздейді: біріншіден, Кореядағы жаңа соғыстың алдын алу, екіншіден, аймақта ядролық қару жарысын болдырмау. Қытай түбектегі негізгі тұрақтылық факторы болып табылады, бұл жағдайды өзгерту үшін төтенше немесе ойластырылмайтын жағдайлар орын алуы қажет. Сонымен қатар, корейлік мәселеге қатысты қытайлық мүдде тек коммунистік идеологиямен ғана байланысты ғана емес, керісінше геосаяси сипатта, өз шекараларын қолайлы ортаны сақтау арқылы қорғау болып табылады [4].

Осылайша, жаһандық көшбасшылықтағы Қытай мүмкіндіктері мен ұстанымдарын әлемдік үдерістер мен геосаяси мүдделер алаңында да, Қытайдың аймақтық мәселелердегі тікелей танысушы ареалында да қарау мысалында саралай отырып, жалпы халықаралық қатынастың маңызды субъектісіне айналуға біршама критерийлер қалыптастырып келе жатқан Орталық Азия секілді аймақ үшін алып мемлекетті танып білудің қадамдары жасалынды деуге болады.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Симония Н.А. Современный этап общественной трансформации стран Востока // «Геном Востока»: опыты и междисциплинарные возможности. Материалы к научной конференции Института мировой экономики и международных отношений РАН и Института стран Азии и Африки при МГУ им. М.В. Ломоносова (Москва, 12-14 апреля 2004 г.). М., Гуманитарий, 2004. С. 12.
2. Перспективы Китая. Научный доклад Института прикладных международных исследований № 1 / Отв. ред. Ю.Е. Федоров. М.: Институт прикладных международных исследований, 2003. С. 11-13
3. Китай в мировой политике / Отв. ред. А.Д. Воскресенский. М., РОССПЭН, 2001.
4. Торкунов А. В. Кореяская проблема : новый взгляд / А. В. Торкунов, Е. П. Уфимцев. -М. : Изд. центр Анкил, 1995.-255 с.

## Мазмұны

<i>А. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры парих ғылымдарының докторы, профессор <b>Е.Б. Сыдықовтың</b> құттықтау сөзі.....</i>	3
<i>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі</i>	
<i><b>Д. Қамзабекұлының</b> құттықтау сөзі.....</i>	6
<i>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент <b>Б.Ж. Сомжүректің</b> құттықтау сөзі.....</i>	7
<i>Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің Кеңесшісі <b>Сасамэ Кенъитиро</b> мырзаның құттықтау сөзі.....</i>	9
<b>Көмеков Б.Е.</b> Арабские источники как ценный информационный фонд историко-востоковедческих исследований Казахстана.....	10
<b>Муминов А.К.</b> Современные направления развития востоковедения.....	16
<b>Оказаки Хироюки.</b> О деятельности ИСА в Казахстане .....	19
<b>Ашраф Аттия.</b> Арабский мир сегодня.....	20
<b>У Чуке.</b> Өркениеттер мен этностардың әралуандылығының өзара байланысы.....	26
<b>Пак Чжан Ран.</b> Korea's education for development.....	32

### 1 секция

#### **ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ**

<b>Болатова С.А.</b> Новый облик Востока в XXI веке .....	37
<b>Какенова Г.М.</b> Террористические организации Африки (конец XX - начало XXI вв.).....	42
<b>Нұртазина Н.Д.</b>	
К вопросу об изучении тюркской ментальности.....	47
<b>Абжаппарова Б.Ж.</b> XXI ғасырдың басындағы Шығыстың өзекті мәселелері.....	55
<b>Мунавваров З.И.</b> Востоковедение в Узбекистане.....	60
<b>Нурсултанова Л.Н.</b> Ближневосточный вектор казахстанской внешней политики.....	63
<b>Даркенов Қ.Ғ.</b> АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестік пен қайшылық.....	69
<b>Исова Л.Т.</b> Жаһандық көшбасшылықтағы Қытай мүмкіндіктері мен ұстанымдары.....	76
<b>Қилыбаева Б.Қ.,</b>	
<b>Оспанова А.Н.</b> Қытайдың Орталық Азиядағы мүддесі.....	81